

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

ЖОБА

**«ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ҰСТАЗДАРДЫҢ
ТАЛАНТТАРЫН КОУЧИНГ ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРҚЫЛЫ БАСҚАРУ»
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының
білім беру бағдарламасы**

Ақтау 2026 ж.

Бағдарлама авторы:

Пернебекқызы Нұргүл – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Менеджмент» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының PhD докторы

Бағдарлама:

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптарын ескере отырып әзірленген.

МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Глоссарий.....	5
3. Бағдарлама тақырыбы.....	6
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері.....	8
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	10
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	11
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....	12
8. Оқыту нәтижелерін бағалау.....	13
9. Курстан кейінгі қолдау.....	13
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	15

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Қазақстандағы білім беру жүйесінің одан әрі дамуы педагогтердің кәсіби білімі мен құзыреттілігін жүйелі түрде жаңартып, тереңдетуді міндеттейді. Бұл талап елдің қазіргі заманғы сын-тегеуріндерімен және стратегиялық басымдықтарымен тікелей айқындалады.

2. Колледж оқытушылары, жалпы білім беретін мектептердің математика мұғалімдері үшін «Орта білім беру ұйымдарындағы ұстаздардың таланттарын коучинг элементтері арқылы басқару» тақырыбында (80 сағат)

3. Бағдарлама Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың негізгі бағыттары мен нормативтік құқықтық актілеріне және білім беру сапасын арттыру контекстінде халықаралық зерттеулердің талаптарына сәйкес пәндік-әдістемелік құзыреттілік және дарынды оқушылармен жұмысын ұйымдастыруда педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіруге және оның қолданбалы бағытын арттыру бойынша теориялық білімдері мен дағдыларын беруге бағытталған.

Бағдарлама білім беру саласындағы келесі нормативтік-құқықтық құжаттардың негізгі ережелері мен талаптарын ескере отырып әзірленді:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы;

- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ;

- Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы);

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы;

- «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;

- «Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 бұйрығы);

- «Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы;

2. ГЛОССАРИЙ

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС)- Қазақстан Республикасының барлық білім беру деңгейлерінде білім берудің құрылымына, мазмұнына және нәтижелеріне, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыру шарттарына қойылатын міндетті талаптарды анықтайтын нормативтік құжат.

Педагог мәртебесі туралы ҚР Заңы - педагог қызметкерлердің кәсіби құқықтары мен міндеттерін реттейді, біліктілік пен құзыреттілікке қойылатын талаптарды белгілейді

Талант (Talent) - адамның табиғи қабілеттері мен ерекше әлеуетінің белгілі бір салада жоғары нәтижеге жетуге бағытталған жеке қасиеттер жиынтығы.

Таланттарды басқару (Talent Management) - педагогтардың қабілеттерін анықтап, дамытуға, қолдау көрсетуге және оларды тиімді пайдалануға бағытталған жүйелі басқарушылық процесс.

Коучинг (Coaching) - жеке тұлғаның әлеуетін ашуға, мақсат қоюға және өз бетінше шешім қабылдау дағдыларын дамытуға көмектесетін кәсіби қолдау тәсілі.

Коучинг сұрақтары (Coaching Questions) - мұғалімнің ойлауын, рефлексиясын және шешім қабылдауын ынталандыруға бағытталған ашық, бағыттаушы сұрақтар жүйесі.

Рефлексия (Reflection) - өзінің іс-әрекеті, тәжірибесі және нәтижелері туралы ойлану, талдау, өзіндік баға беру үдерісі.

Кәсіби даму (Professional Development) - мұғалімдердің білімін, дағдыларын және кәсіби құзыреттілігін үздіксіз жетілдіруге бағытталған процесс.

Құзыреттілік (Competence) - белгілі бір жұмысты сапалы орындау үшін қажетті білім, білік, дағды және тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Менторинг (Mentoring) - тәжірибелі маманның жас маманға кәсіби жолын жоспарлауға, дағдыларын дамытуға бағытталған ұзақ мерзімді қолдауы.

Проактивтілік - мінез — құлықтың айқын ережелері мен үлгілері болмаған кезде және адам өздігінен шешім қабылдауы керек, өзін-өзі нығайту-мүмкіндіктерін кеңейту, тікелей өмірлік ортаны немесе макроқұрылымдарды өзгерту арқылы әрекет етуі керек белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ету мүмкіндігі.

Мақсат қою (Goal Setting) - кәсіби немесе жеке бағыттағы нақты, өлшенетін, қолжетімді, өзекті және мерзімді мақсаттарды анықтау үдерісі.

Кері байланыс (Feedback) - мұғалімнің жұмысы мен нәтижелері туралы нақты, құнды және дамуға бағытталған ақпарат беру процесі.

Мотивация (Motivation) - мұғалімнің кәсіби әрекетіне ықпал ететін ішкі және сыртқы түрткілер жиынтығы.

Жеке кәсіби траектория (Individual Professional Pathway) - Мұғалімнің

өз қабілеті, мақсаттары және даму қажеттіліктеріне қарай жеке жоспарланған кәсіби өсу бағыты.

Коммуникация (Communication) - Ұстаздар мен басшылықтың тиімді қарым-қатынас орнату, ақпарат алмасу және бірлесіп жұмыс істеу үдерісі.

Лидерлік (Leadership) - Басқаларды шабыттандырып, бағыттап, ортақ мақсатқа жетуге ықпал ететін кәсіби дағды мен қасиеттер жиынтығы.

Командалық жұмыс (Teamwork) - Мұғалімдер тобының ортақ мақсатқа жету үшін тиімді өзара әрекет етуі, міндеттерді үйлестіруі және бір-бірін қолдауы.

Оқыту нәтижелері - білім алушылардың білім беру бағдарламасын игеру бойынша алған, көрсеткен білімдерінің, іскерліктерінің, дағдыларының бағалаумен расталған көлемі және қалыптасқан құндылықтар мен қатынастар.

Бағалау – білім алушылардың қол жеткізген оқу нәтижелерін әзірленген критерийлер негізінде күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі.

Бағалау критерийлері - нақты өлшеуіштер, олардың негізінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі.

Функционалды сауаттылық – жеке тұлғаның мәдени, әлеуметтік, экономикалық және саяси қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы болып табылатын, бүгінгі жаһандану заманында тұлғаның заман ағымына қарай ілесіп отыруы болып табылады.

3. БАҒДАРЛАМА ТАҚЫРЫПТАРЫ

Модуль	Сабақтың тақырыптары
1. Нормативтік және құқықтық негіздері	1.1 Педагог қызметінің нормативтік құқықтық негіздері. «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
2. Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыс аспектілері	2.1 «Бірыңғай тәрбие бағдарламасын» іске асыру мәнмәтінінде дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық әдістері мен тәсілдерінің ерекшеліктері
	2.2 Білім алушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру контекстінде мұғалімнің инновациялық қызмет және кәсіби дамуы
3. Білім алушылардың функционалды сауаттылығын дамыту және білім беру сапасын	3.1 Талантты мұғалімдерге арналған білім беру мазмұны мен әдістемелерін әзірлеудің ерекшеліктері.
	3.2 Талант және дарындылық ұғымдарының теориялық негіздері
	3.3 Орта білім беру ұйымдарында таланттарды басқарудың рөлі

арттыру үшін оқу мазмұны мен әдістерін жетілдіру	3.4 Педагогтің кәсіби әлеуетін диагностикалау әдістері
	3.5 Таланттарды басқарудың заманауи модельдері
	3.6 Коучинг философиясы және оның педагогикадағы орны
	3.7 Коучинг сұрақтары, белсенді тындау, рефлексия техникасы
	3.8 Коучингте қолданылатын SMART, GROW, SWOT анализ модельдері
	3.9 Қабілетті мұғалімдерді оқыту стратегиялары. Оқытудағы сараланған тәсіл, сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Кері байланыс беру әдістері (feedforward, constructive feedback, hamburger)
4 Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім сапасын арттыру үшін цифрлық технологияларды қолдану	4.1 Білім беруде жасанды интеллекттің мүмкіндіктері
	4.2 Мұғалім жұмысына арналған ЖИ құралдары (ChatGPT, Canva AI, Gemini, т.б.)
	4.3 Таланттарды анықтауда ЖИ қолдану (диагностика, деректерді талдау)
	4.4 Оқу контентін жасауға арналған ЖИ қолдану және цифрлық этика, қауіпсіздік
5 Педагогтердің зерттеушілік және жобалау құзыреттіліктерін дамыту	5.1 Коучинг сессиясын жоспарлау және өткізу. Командалық коучинг және топтық өзара әрекет
	5.2 Мектеп жағдайларынан алынған кейстерді талдау. Тәжірибелік тапсырмалар, демо-сессиялар

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарлама нақты оқу процесінде МЖМБС талаптарын тиімді іске асыру үшін педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға бағытталған практикалық-бағдарлы сипатқа ие. Оқыту барысында педагогтер құзіреттіліктері бойынша үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын талдап қана қоймай, сонымен бірге нақтылы құралдарды – орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар, функционалдық коммуникациялық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмалар, бағалау критерийлерін пайдалану, сабақта цифрлық ресурстар мен жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының құралдарын қолдануды әзірлейді. Курстың әрбір модулі практикалық тапсырмаларды орындаумен сүйемелденеді, бұл меңгерілген тәсілдер мен технологияларды тікелей білім беру тәжірибесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның мақсаты - орта білім беру ұйымдарында мұғалімдердің кәсіби таланттары мен әлеуетін **коучинг әдістері, педагогикалық лидерлік, шығармашылық даму және жасанды интеллект құралдарын қолдану** арқылы анықтау, дамыту және тиімді басқару дағдыларын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1) педагог қызметін реттейтін нормативтік, құқықтық құжаттардың игеруін қамтамасыз ету;

2) мұғалімдердің таланттарын басқарудың теориялық негіздерін меңгерту, олардың кәсіби әлеуетін бағалау әдістерін үйрету;

3) коучинг техникасын меңгерту, белсенді тыңдау, рефлексия, кері байланыс, мотивацияны арттыру құралдарын практикаға енгізу;

4) мұғалімнің жеке кәсіби даму траекториясын жоспарлау, SMART/GROW құралдарын қолдануды үйрету;

5) педагогикалық лидерлікті дамыту, мектептегі кәсіби қауымдастыққа жетекшілік ету дағдыларын қалыптастыру;

6) мұғалімнің шығармашылық ойлауын, инновациялық және креативтік қабілеттерін дамыту;

7) жасанды интеллект (AI) құралдарын педагогикалық тәжірибеге енгізу, оларды контент жасау, диагностика, жоспарлау және мониторингте қолдану;

8) командалық жұмыс, коммуникация және коучинг сессияларын практикалық ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;

9) мұғалімдердің тәжірибесін талдау, мектеп жағдайында шешім қабылдауда кейс-талдау әдістерін қолдану;

10) курсты аяқтау барысында қатысушылардың кәсіби даму жобасын дайындауына жағдай жасау;

11) қатысушылардың рефлексия жүргізуіне, өзін-өзі бағалауына және құзыреттерін үздіксіз жетілдіру дағдыларын қалыптастыруға ықпал ету.

Күтілетін нәтижелер:

1) педагог қызметін реттейтін нормативтік, құқықтық құжаттарды білетінін көрсетеді;

Курсты аяқтаған тыңдаушы:

1. Білім нәтижелері

- Таланттарды басқару жөніндегі негізгі теориялық ұғымдарды біледі;
- Коучинг әдістерінің мазмұнын, принциптерін және қолдану тәсілдерін түсінеді;

- Педагогикалық лидерлік, мотивация және командалық әрекет туралы білім алады;

- Жасанды интеллект құралдарының мүмкіндіктерін, қауіпсіздік және жауапты қолдану қағидаттарын меңгереді;

- Шығармашылық әдістерді (design thinking, brainstorming, mind mapping) қолдануды түсінеді.

2. Құзыреттер нәтижелері

- Мұғалімдердің кәсіби әлеуетін диагностикалау және дамыту жоспарын жасай алады;

- Коучинг сұрақтарын құрастырып, белсенді тыңдау, рефлексия жүргізу дағдыларын қолдана алады;

- Командалық жұмыс ұйымдастырып, педагогикалық ұжымда көшбасшылық таныта алады;

- АІ құралдарын сабақ жоспарлауда, оқу материалдарын дайындауда және мониторингте пайдалана алады;

- Педагогтердің шығармашылық қабілеттерін дамытатын әдістерді тәжірибеде қолдана алады.

3. Дағды нәтижелері

- Коучинг сессияларын жоспарлап, жүргізе алады;

- Қатысушылармен тиімді коммуникация орнатады, конструктивті кері байланыс береді;

- Өзінің және әріптестерінің кәсіби өсу траекториясын құра алады;

- Мектептегі нақты жағдайларға қатысты практикалық шешімдер әзірлей алады;

- Қорытынды кәсіби даму жобасын дайындап, оны қорғап шығады.

Бағдарлама нәтижесінде тыңдаушылар:

- өз таланттарын және әріптестерінің әлеуетін аша алады,

- мектептегі таланттарды басқарудың тиімді жүйесін құра алады,

- коучинг, лидерлік, шығармашылық және жасанды интеллектті интеграциялай білетін заманауи педагог-лидерге айналады.

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

№	Сабақтың тақырыптары	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	Тренинг	Таңдау сабақ	Барлығы
I	Модуль 1. «Нормативтік және құқықтық негіздері»	2				2
1.1	Педагог қызметінің нормативтік құқықтық негіздері. «Педагог» кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.	2				2
II	2-модуль «Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыс аспектілері»	6				6
2.1	«Бірыңғай тәрбие бағдарламасын» іске асыру мәнмәтінінде дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық әдістері мен тәсілдерінің ерекшеліктері	6				3
2.2	Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру контекстінде мұғалімнің инновациялық қызмет және кәсіби дамуы	3				3
III	3-модуль «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру»	20	14	6		40
3.1	Талантты мұғалімдерге арналған білім беру мазмұны мен әдістемелерін әзірлеудің ерекшеліктері.	4				4
3.2	Талант және дарындылық ұғымдарының теориялық негіздері	2	2			4
3.3	Орта білім беру ұйымдарында таланттарды басқарудың рөлі	2	2			4
3.4	Педагогтің кәсіби әлеуетін диагностикалау әдістері	2	2			4
3.5	Таланттарды басқарудың заманауи модельдері	2		2		4
3.6	Коучинг философиясы және оның педагогикадағы орны	2	2			4

3.7	Коучинг сұрақтары, белсенді тыңдау, рефлексия техникасы	2	2	4		8
3.8	Коучингте қолданылатын SMART, GROW, SWOT анализ модельдері		4			4
3.9	Қабілетті мұғалімдерді оқыту стратегиялары. Оқытудағы сараланған тәсіл, сыни тұрғыдан ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Кері байланыс беру әдістері (feedforward, constructive feedback, hamburger)	4				4
IV	4-модуль «Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім сапасын арттыру үшін цифрлық технологияларды қолдану»	12	6	6		24
4.1	Білім беруде жасанды интеллекттің мүмкіндіктері	4		4		8
4.2	Мұғалім жұмысына арналған ЖИ құралдары (ChatGPT, Canva AI, Gemini, т.б.)	4	4			8
4.3	Таланттарды анықтауда ЖИ қолдану (диагностика, деректерді талдау)		2	2		4
4.4	Оқу контентін жасауға арналған ЖИ қолдану және цифрлық этика, қауіпсіздік	4				4
V	5-модуль «Педагогтердің зерттеушілік және жобалау құзыреттіліктерін дамыту»				8	8
5.1	Коучинг сессиясын жоспарлау және өткізу. Командалық коучинг және топтық өзара әрекет				4	4
5.2	Мектеп жағдайларынан алынған кейстерді талдау. Тәжірибелік тапсырмалар, демо-сессиялар				4	4
	Барлығы:	40	20	12	8	80

Ескерту: 1 академиялық сағат - 45 минут (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 249 бұйрығы).

6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бағдарлама бойынша оқыту процесі оқу-тақырыптық жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, күндізгі, қашықтықтан немесе аралас форматта жүзеге асырылады. Курстың жалпы ұзақтығы – 80 академиялық сағат, бір академиялық сағат 45 минутты құрайды, ал оқу күнінің ұзақтығы – 8 академиялық сағаттан тұрады.

Оқыту барысында педагогтардың белсенді қатысуын және меңгерілген тәсілдерді кәсіби қызметіне енгізуін қамтамасыз ететін келесідей белсенді оқыту формалары қолданылады:

- семинарлар, олардың құрамында интерактивті дәрістер болады;
- тәжірибелік сабақтар, мұнда жеке, жұптық және топтық жұмыстар (жобалар, пікірталас, іскерлік ойындар және т.б.) орындалады;
- өзіндік жұмыс, ол да жеке, жұптық және топтық тапсырмаларды (жобалар және т.б.) қамтиды;
- қорытынды жұмыс, оған орта және қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу кіреді.

Сабақтарды өткізу әдістері мен түрлері ретте оқу процесінің тұтастығы мен логикасын сақтай отырып, Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттеріне, педагогтардың біліктілік деңгейіне, модульдер бойынша күтілетін нәтижелерге және оқыту форматына (күндізгі, қашықтықтан, аралас) сәйкес анықталады.

Бағдарламаны іске асыратын тренер қажетті жағдайда оқу материалының мазмұнын бұзбай, оның құрылымдық және әдістемелік бірлігін сақтай отырып, өзекті мысалдар мен ресурстармен толықтыруға құқылы. Бағдарлама курстан кейінгі қолдауды жоспарлаумен аяқталады.

7. БАҒДАРЛАМАНЫ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

№	Модуль тақырыбы	Сағат саны	Дәріс түрі	Оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі
1	Нормативтік және құқықтық негіздері	2	Дәріс	Презентация
2	Тәрбие және психологиялық-педагогикалық жұмыс аспектілері	6	Дәріс, баяндама, реферат презентация,	Презентация, оқу әдістемелік құрал
3	Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім беру сапасын арттыру үшін оқыту мазмұны мен әдістерін жетілдіру	40	Баяндама, реферат презентация, тәжірибелік сабақ, тренинг, тест	Презентация, оқу әдістемелік құрал
4	Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын және білім сапасын арттыру үшін цифрлық	24	Тәжірибелік сабақ, презентация, цифрлық қосымшалар, интерактивті	Презентация

	технологияларды қолдану		құралдар	
5	Педагогтердің зерттеушілік және жобалау құзыреттіліктерін дамыту	8	Проблемалық сабақ Lesson Study технологиясы, Action Research тәсілі	Презентация

8. ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің даму деңгейін анықтау үшін шағын жобалардың презентациялары өткізіледі

Презентация «Жоба»

Мақсаты – осы Біліктілікті арттыру бағдарламасының Модульдерін меңгеру нәтижелері бойынша ғылыми жобаларды ұйымдастыруда инновациялық тәсілдерді түсіну мен қолдануды бағалау.

«Жоба» презентациясын бағалау критерийлері (5 слайдтан көп емес)

Презентацияны бағалау үшін ең көп ұпай саны – 15 балл;

0 – «дәлел жоқ», 1 – «әлсіз дәлел», 2 – «жеткілікті дәлел», 3 – «мықты дәлел»

№	Бағалау критерийі	Балл				Қорытынды
		0	1	2	3	
1	Презентацияны таныстыру деректері дұрыс бейнеленген					
2	Әдістемелік аспектінің түсінігі қадағаланады, ерекшеліктері қарастырылады					
3	Өзін-өзі дамыту траекториясы SMART мақсат қою арқылы қолдау табады					
4	Мұғалімнің өзін-өзі дамыту жөніндегі болашақ іс-әрекеттерінің нақты қадамдары жасалды					
	Қорытынды балл 15 балл					

9. КУРСТАН КЕЙІНГІ СҮЙЕМЕЛДЕУ

Біліктілігін арттырудан өткен педагогтер алған білімдерін тәжірибеде сапалы іске асыру үшін бір күнтізбелік жыл ішінде кемінде 28 академиялық сағат көлемінде педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдау жүзеге асырылады.

«Курстан кейінгі қолдау» бөлімінде Бағдарламаның «Орта білім беру ұйымдарындағы ұстаздардың таланттарын коучинг элементтері арқылы басқару» тақырыбы бойынша курстан кейінгі қолдауды жүзеге

асырудың формалары мен әдістері сипатталған.

Жоспарланған іс-шаралар тыңдаушылардың дайындық деңгейіне сәйкес келеді. Өрлеуде білім алған мұғалімдердің қызметін курстан кейінгі қолдау туралы Ережеге сәйкес курстан кейінгі қолдаудың 4 кезеңін орындайды:

I кезең – диагностикалық, біліктілікті арттыру курстарынан өткен тыңдаушыға сауалнама жүргізіледі. Куратордың (оқытушының) түрлі байланыс құралдарын (e-mail, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (WhatsApp және т. б.), сервистерді (Google және т. б.), интернет – платформаларды қолдана отырып, консультациялар, онлайн іс-шаралар өткізуі;

II кезең – ББ талаптары негізінде мұғалімнің жеке ККҚ (кустан кейінгі қолдау) жоспарын құрастыру, әзірлеу. Пилоттық ұйымның жұмыс тәжірибесін (тыңдаушылардың құзыреттілігін) электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы зерделеу. Оларды қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету;

III кезең – ККҚ жоспарын іске асыру, кеңес беру, әдістемелік көмек жүргізіледі. Мұғалім өз жетістіктерін анықтау үшін өзін-өзі бағалауды жүргізеді, оның ішінде аналитикалық есептерді және бақылау парақтарын пайдаланады;

IV кезең рефлексиялық және аналитикалық болып табылады. Курс кураторы (оқытушысы) тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті қолдауды жүзеге асырады:

- семинарларда, дөңгелек үстелдерде (облыстық, республикалық деңгейдегі) сөз сөйлеу;
- кәсіби конкурстарға қатысу (облыстық, республикалық деңгейдегі);
- сараптама тобының құрамына қатысу (жұмыс және т. б.);
- республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, БАҚ-та (мүмкін авторлық бірлестікте) ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялау.

10. НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Негізгі әдебиеттер

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы. [Электрондық ресурс]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500035670>
2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28-наурыздағы №249 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
3. «Орта білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша кешенді талдау» аналитикалық есебі / Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. - Астана: 2024. – 252 бет. <https://uba.edu.kz/storage/app/media/MODO%20%20MODO%20%202024%20%20%20KZ%20%20%20KZ%20%20%20KZZ.pdf>
4. «Орта білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу нәтижелері бойынша кешенді талдау» аналитикалық есебі/Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. - Астана: 2024. – 252 бет. <https://uba.edu.kz/storage/app/media/MODO%20%20MODO%20%202024%20%20%20KZ%20%20%20KZ%20%20%20KZZ.pdf>
5. Орта білім беру ұйымдарының оқу процесінде заманауи педагогикалық технологияларды іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 160 б. <https://uba.edu.kz/storage/app/media/22%202022%202022%20%20KZ%20%20KZ.pdf>
6. Karinov A., Smagulov Z., Takirov S., Zhumagulov A. Implementation of coaching and mentoring methods in teaching Kazakh literature to secondary school students // *Frontiers in Education*. – 2023. – Vol. 8. – Article 1279524.
7. Oberholzer L., Boyle D. *Mentoring and Coaching in Education: A Guide to Coaching and Mentoring Teachers at Every Stage of Their Careers*. – London: Bloomsbury Academic, 2024. – 256 p.
8. Sacote-Labadan L.V., Tantiado R. Teachers’ professional development and practices // *International Journal of Educational Research*. – 2025. – Vol. 121. – 102356.
9. Pritchard A. Teacher leadership and teacher mentoring: Understanding the preparedness of mentors and their educational practices // *International Journal of Mentoring and Coaching in Education*. – 2025. – Vol. 14, №1. – P. 81–98.
10. Saclarides E.S., et al. Amplifying teachers’ voices in the coaching partnership //

Teaching and Teacher Education. – 2024. – Vol. 132. – 104242.

11. Ramadhona R., et al. Instructional coaching and mentorship: Role of instructional coaches in supporting teachers' professional growth // South Asian Journal of Social Sciences and Humanities. – 2025. – Vol. 6, №2. – P. 45–60.

12. Luong G.Y. The effectiveness of mentoring, coaching, and induction for early career teachers // Teaching and Teacher Education. – 2025. – Vol. 134. – 104310.

13. OECD. Results from TALIS 2024: Developing Teacher Expertise. – Paris: OECD Publishing, 2025. – 312 p.

14. Global Partnership for Education (GPE). Supporting Teachers to Improve Teaching and Learning. – Washington, DC, 2023. – 78 p.

15. Al-Harthy I., et al. Talent management in education: Developing teacher competence in the digital era // Education and Information Technologies. – 2025. – Vol. 30. – P. 1123–1140.

16. Iqbal M., et al. Measuring teachers' talent management practices // European Journal of Training and Development. – 2024. – Vol. 48, №3. – P. 389–405.

17. Singh R. The role of talent management in private schools: A literature review // International Conference on Contemporary Management Studies Proceedings. – 2024. – P. 112–120.

18. Knight J. The Definitive Guide to Instructional Coaching: Seven Factors for Success. – Thousand Oaks, CA: Corwin Press, 2023. – 304 p.

19. Van Nieuwerburgh C. Coaching in Education: Getting Better Results for Students, Educators, and Parents. – 2nd ed. – London: Routledge, 2023. – 210 p.

20. Hobson A.J., Maxwell B. Teacher mentoring and coaching in schools: New directions for research and practice // Educational Review. – 2024. – Vol. 76, №4. – P. 567–585.

21. Білім алушылардың оқу жетістіктерін формативті бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 80 б.

<https://uba.edu.kz/storage/app/media/1.103%20103103103103%20%20%20KAZ.pdf>

Қосымша әдебиеттер

1. Оқытудың заманауи теориясы – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 400 б.

<https://uba.edu.kz/storage/app/media/1.82%208282828282%20%20%20KAZ.pdf>

2. Bush T. Theories of Educational Leadership and Management. – 5th ed. – London: SAGE Publications, 2024. – 320 p.

3. Fullan M. The Principal 2.0: Three Keys to Maximizing Impact. – Thousand Oaks, CA: Corwin, 2023. – 176 p.

4. Whitmore J. Coaching for Performance. – 6th ed. – London: Nicholas Brealey Publishing, 2023. – 256 p.

5. Grant A.M. The third 'generation' of workplace coaching: Creating a culture of quality conversations // Coaching: An International Journal of Theory, Research and Practice. – 2024. – Vol. 17, №1. – P. 37–53.

6. Kraft M.A., Blazar D., Hogan D. The effect of teacher coaching on instruction

- and achievement: A meta-analysis update // Review of Educational Research. – 2024. – Vol. 94, №2. – P. 215–248.
7. OECD (2023). PISA 2022 Results (Volume I and II): The State of Learning and Equity in Education. Paris: OECD Publishing.
8. Darling-Hammond L., et al. Professional learning in the learning profession: A review of recent research // Educational Researcher. – 2023. – Vol. 52, №6. – P. 312–324.
9. OECD. Education at a Glance 2024: OECD Indicators. – Paris: OECD Publishing, 2024. – 450 p.
10. ҚР БҒМ «Білім беру сапасын қамтамасыз ету ұлттық орталығы» (2023–2025). Дарыны мен талантты балаларды анықтау және дамыту әдістемелік ұсынымдары.
11. Flores M.A., Day C. Teacher professional development in changing contexts // Teachers and Teaching. – 2023. – Vol. 29, №5. – P. 401–417.
12. Senge P. Schools That Learn (Updated and Revised Edition). – New York: Crown Business, 2024. – 592 p.
13. International Journal of Mentoring and Coaching in Education. – Bingley: Emerald Publishing, 2023–2026.

Интернет ресурстар

1. <https://www.bilimland.kz> (жаңартылған білім беру мазмұны бойынша)
3. <https://forbes.kz/articles/kouchey-v-kazahstane-zhdut-novye-pravila-cto-izmenitsya-dlya-rynka-i-klientov-6f2afc>
4. <https://www.instagram.com/p/DS4ncYrCF43/?igsh=anRIY3oxd3V0Zzhp>
5. https://www.instagram.com/icu.kz.official?igsh=MTNvc3dwYTdnMXllMQ%3D%3D&utm_source=qr
6. <http://smartmesi.blogspot.com/2012/03/smart-smart.html#:~:text=Smart%40Lesson%20Study%20—%20Исследование%20урока%20в%20действии>
4. Lesson Study — Исследование урока в действии <https://class-kz.ru/lesson-study-issledovanie-uroka-v-dejstvii>
5. Никитина Л.В. Описание педагогического опыта по теме «Педагогический подход Lesson study как ресурс расширения сотрудничества между учителями с целью формирования у обучающихся ключевых компетенций 21 века» <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/obshchepedagogicheskie-tehnologii/2019/05/12/pedagogicheskiy-podhod-lesson-study>
6. Уилсон Э. Как проводить исследование в действии. <https://kst.nis.edu.kz/wp-content/uploads/2018/01/КАК-PROVODIT-ISSLEDOVANIE-V-DEJSTVIJ.pdf>
7. <https://daryn.online> (Республикалық «Дарын» орталығының ресми сайты)
8. <https://nis.edu.kz> → Педагогикалық шеберлік орталығы → Lesson Study 2023–2025 материалдары
9. <https://timssandpirls.bc.edu> (TIMSS 2023 нәтижелері мен талдаулары)